

Ұйымдардың және халықтың қаражатын тұрғын үй құрылысына тарту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қыркүйек N 1131. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Мемлекеттік қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігіне, заңды және жеке тұлғалардың инвестициялық белсенділігінің төмендігіне байланысты республикада тұрғын үй құрылысының қарқыны кенеттен төмендеп кетті.

Салына басталған тұрғын үй құрылыстарын жедел аяқтау және халықтың қосымша қаражаттарын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі мен Қаржы министрлігінің дайын пәтерлерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкіне тапсырған ұйымдардың республикалық бюджетке төлем бойынша берешектеріне республикалық бюджетте тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және оның құрылысына жеңілдікті ұзақ мерзімді кредиттендіру үшін ресурстар бөлуге көзделген қаражат есебіне есептеме жүргізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Аталған есептемелер бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле
о т ы р ы п ж ү р г і з і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарды құрылыс салу министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша екі айлық мерзімде Ұйымдар мен халықтың қаражаттары есебінен салынған тұрғын үйлерді қабылдап алу мен сату тәртібі туралы Ережені әзірлесін және бекітсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі